


BabyGo

7 мес.
—
3 года

до 15 кг



Easy

ЕАС

Коляска прогулочная

артикул WLX300

Внимательно прочитайте инструкцию и сохраните её для дальнейшего использования.

- Коляска предназначена для одновременного использования только одним ребёнком.
- Не вешайте сумки и пакеты на ручки коляски.
- Не оставляйте ребёнка в коляске без присмотра.
- Вынимайте ребёнка из коляски, когда регулируете механизм (ручки, спинку).
- Всегда ставьте коляску на тормоз во время остановки и когда сажаете или вынимаете ребёнка.
- Сборка коляски, закрепление механизмов, уход и ремонт должны осуществляться только взрослым.
- Не используйте изделие в случае обнаружения поломки или недостатка деталей. Не используйте коляску, когда в ней находится ребёнок, на эскалаторе или лестнице и не переносите коляску вместе с ребёнком.
- Во время регулировки коляски убедитесь, что ребёнок не находится рядом с подвижными частями, иначе он может получить травму.
- Перед использованием коляски убедитесь, что все соединительные детали надёжно закреплены.
- Не кладите пальцы в механизм.
- Не используйте изделие вблизи лестниц и ступенек, а также рядом с источником тепла, открытым огнём или опасными предметами, если ребёнок может дотянуться до них руками.
- Используйте только те аксессуары, которые одобрены производителем.
- Максимальная нагрузка на корзинку 3 кг.
- **Следите, чтобы ребёнок не поднимался в коляске и не пытался забраться на защитный бампер.**

Внимание! Не кладите в коляску дополнительные подушки и матрасы.



ХАРАКТЕРИСТИКИ

Прогулочная коляска BabyGo предназначена для детей от 7 месяцев до 3 лет.

Максимальная масса ребёнка: 15 кг.

Рост ребёнка не должен превышать 96 см.

СПИСОК ДЕТАЛЕЙ




- A — фиксирующая защёлка
- B — каркас
- C — нижний фиксатор
- D — козырёк
- E — сиденье
- G — рычаги тормоза
- H — колёса
- I — паховый ремень
- J — пряжки
- K — подставка для ног
- L — ручки
- M — блокировка поворота колёс
- N — застёжка-липучка
- O — D-образное кольцо
- P — бампер

ИНСТРУКЦИЯ

Распакуйте коляску и уберите все упаковочные элементы.


1. Раскладывание коляски

- Придерживая коляску, потяните колесо (H) вниз, как показано на рисунке.
- Откройте фиксирующую защёлку (A) на каркасе.




2. Фиксация

- Аккуратно нажмите ногой на нижний фиксатор (C).




3. Тормоз

- Рычаги для блокировки и разблокировки тормоза (G) расположены в середине каждого комплект колёс.
- Аккуратно нажмите ногой на левый и правый рычаги тормоза (G).
- Поднимите рычаги (G) обратно, чтобы разблокировать тормоз.



4. Козырёк

- Расположите заклёпки с внутренней стороны каждой ручки.
- Наденьте петли на заклёпки или завяжите узел на козырьке, чтобы прикрепить его.
- Натяните козырёк и закрепите его на круглых трубках коляски с помощью застёжек-липучек (N).





Внимание: чтобы сложить коляску с пристёгнутым козырьком, передвиньте его назад за коляску.

ИНСТРУКЦИЯ

5. Ремни безопасности

- Расположите паховый ремень над центральной пряжкой.
- Соедините две части пряжки, чтобы закрепить ремни.
- Убедитесь, что плечевые ремни закреплены в центральной пряжке.
- Отрегулируйте плечевые, поясной и паховый ремни, так чтобы они плотно прилегали к телу ребёнка.



6. Складывание коляски



- Перекиньте козырёк назад через ручки.
- Поднимите ногой нижний фиксатор (C).
- Сложите каркас, соединив ручки и одновременно потянув вперёд. Закройте фиксирующую защёлку (A) на раме.



Внимание: чтобы сложить коляску с пристёгнутым козырьком, передвиньте его назад за коляску.

7. Поворотные колёса

- Нажмите на рычаг на передних колёсах, чтобы они поворачивались.
- Поднимите рычаг на передних колёсах, чтобы зафиксировать их.



УХОД ЗА ИЗДЕЛИЕМ

Защищайте коляску от неблагоприятных погодных условий: повышенной влажности, дождя или снега. Избегайте длительного воздействия прямого солнечного света — это может привести к изменению цвета материалов. Храните коляску в сухом месте. Не оставляйте её в багажнике автомобиля.

ЧИСТКА КАРКАСА

Периодически очищайте пластиковые детали влажной тканью без использования растворителя и других похожих средств. Следите, чтобы металлические части были сухими во избежание появления ржавчины. Очищайте все движущиеся детали (регулируемые механизмы, соединительные элементы, колёса и т. д.) от грязи и песка и при необходимости смазывайте их лёгким маслом.


ЧИСТКА ТЕКСТИЛЯ

Очищайте текстильные части щёткой, чтобы удалить пыль. Рекомендована ручная стирка при максимальной температуре 30°. Не отжимайте досуха. Не используйте отбеливатель. Не гладьте утюгом. Не подвергайте химической чистке. Не удаляйте пятна с помощью растворителей и не сушите в сушильной машине.

BabyGo

7 ай
—
3 жас

15 кг-ға дейін



Easy

EAC

Серуен арбасы

артикул WLX300

Нұсқаулықты мұқият оқып шығып, оны кейін пайдалану үшін сақтап қойыңыз.

- Арба бір уақытта тек бір баланың пайдалануына арналған.
- Сөмкелер мен пакеттерді арбаның тұтқаларына ілмеңіз. Баланы арбада қараусыз қалдырмаңыз.
- Механизмді (тұтқаларды, арқалықты) реттегенде, баланы арбадан шығарып алыңыз. Тоқтаған кезде және баланы отырғызу не шығару барысында арбаны үнемі тежегішке қойыңыз.
- Арбаны құрастыру, механизмдерді бекіту, күтім жасау және жөндеу жұмыстарын тек ересектер жүргізуі тиіс.
- Бөлшектердің сынғанын немесе жетіспейтінін байқасаңыз, бұйымды пайдаланбаңыз.
- Арбада бала отырғанда оны эскалаторда немесе баспалдақта пайдаланбаңыз және баламен бірге арбаны көтермеңіз.
- Арбаны реттеу кезінде баланың қозғалып тұрған бөлшектердің жанында болмауына көз жеткізіңіз, әйтпесе ол жарақат алуы мүмкін.
- Арбаны қолданбас бұрын барлық жалғаушы бөлшектердің мықтап бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Саусақтарыңызды механизмге салмаңыз.
- Бұйымды баспалдақтар мен саты жанында, сондай-ақ жылу көзі, ашық от немесе қауіпті заттардың жанында пайдаланбаңыз, егер бала оларға қолын жеткізе алатын болса.
- Тек өндіруші мақұлдаған керек-жарақтарды пайдаланыңыз. Себетке түсетін ең көп жүк - 3 кг.
- Бала арбаның ішінде тұрып кетпеуін және қорғаныш бамперіне шықпауын қадағалаңыз.

Назар аударыңыз! Арбаға қосымша жастықтар мен матрастарды салмаңыз.



СИПАТТАМАЛАРЫ

BabyGo серуен арбасы 7 айдан 3 жасқа дейінгі балаларға арналған.

Баланың ең көп салмағы: 15 кг.

Баланың бойы 96 см-ден аспауы тиіс.

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ




- A – бекіткіш ілгек
- B – қаңқа
- C – төменгі бекіткіш
- D – күнқағар
- E – отырғыш
- G – тежегіш тұтқалары
- H – дөңгелектер
- I – белдік
- J – ілгектер
- K – аяқ тірегіш
- L – тұтқалар
- M – дөңгелектерді бұрылудан блоктау
- N – жабысқақ бау
- O – D-тәрізді шығыршық
- P – бампер

НҰСҚАУЛЫҚ

Арбаны қаптамасынан шығарып, барлық орауыш бөлшектерін алып тастаңыз.


1. Арбаны ашу

- Арбаны ұстап тұрып, дөңгелекті (H) суретте көрсетілгендей төмен қарай тартыңыз.
- Қаңқадағы бекіткіш ілгекті (A) ашыңыз.




2. Бекіту

- Аяғыңызбен төменгі бекіткішті (C) абайлап басыңыз.




3. Тежегіш

- Тежегішті блоктау және босату тұтқалары (G) әр дөңгелектер жиынтығының ортасында орналасқан.
- Аяғыңызбен сол және оң тежегіш тұтқаларын (G) абайлап басыңыз.
- Тежегішті босату үшін тұтқаларды (G) қайтадан көтеріңіз.



4. Күнқағар



- Әр тұтқаның ішкі жағындағы тойтармаларды орналастырыңыз.
- Күнқағарды бекіту үшін ілмектерді тойтармаларға кигізіңіз немесе түйін байлаңыз.
- Күнқағарды тартып, оны арбаның дөңгелек құбырларына жабысқақ баулардың (N) көмегімен бекітіңіз.



Назар аударыңыз: арбаны күнқағар тағылған күйде бүгу үшін оны арбаның артына қарай жылжытыңыз.

5. Қауіпсіздік белдіктері



- Шап белдігін орталық ілгектің үстіне орналастырыңыз.
- Белдіктерді бекіту үшін ілгектің екі бөлігін қосыңыз.
- Иық белдіктерінің орталық ілгекке бекітілгеніне көз жеткізіңіз.
- Иық, бел және шап белдіктерін баланың денесіне тығыз орналасатындай етіп реттеңіз.



6. Арбаны жинау

- Күнқағарды тұтқалардың артына қарай аударыңыз.
- Төменгі бекіткішті (C) аяғыңызбен көтеріңіз.
- Қаңқаны бүгіп, тұтқаларды қосып бір мезгілде алға тартыңыз. Қаңқадағы бекіткіш ілгекті (A) жабыңыз.

Назар аударыңыз: арбаны күнқағар тағылған күйде біріктіріңіз. Арбаның артына қарай жылжытыңыз.



7. Бұрылмалы дөңгелектер

- Алдыңғы дөңгелектердің тұтқасын басыңыз, сонда олар бұрылады.
- Алдыңғы дөңгелектердің тұтқасын көтеріп, оларды бекітіңіз.

БҰЙЫМҒА КҮТІМ ЖАСАУ

Арбаны қолайсыз ауа райынан қорғаңыз: жоғары ылғалдылықтан, жаңбырдан немесе қардан. Маталардың түсі өзгермеуі үшін тікелей күн сәулесінің ұзақ әсерінен сақтаңыз. Арбаны құрғақ жерде сақтаңыз. Оны мәшиненің жүксалғышында қалдырмаңыз.

ҚАҢҚАНЫ ТАЗАЛАУ

Пластик бөлшектерін мерзімді түрде еріткішсіз және оған ұқсас құралдарсыз дымқыл шүберекпен сүртіңіз. Тот басып кетпеу үшін металл бөлшектердің құрғақ болуын қадағалаңыз. Барлық қозғалмалы бөлшектерді (реттеу механизмдері, жалғаушы элементтер, дөңгелектер және т.б.) кір мен құмнан тазартып, қажет болған жағдайда жеңіл маймен майлаңыз.

МАТАНЫ ТАЗАЛАУ

Тоқыма бөліктерін шаңнан арылту үшін щеткамен тазалаңыз. Ең жоғары температурасы 30° болатын қол жуу ұсынылады. Қатты сығып кептірмеңіз. Ағартқыш қолданбаңыз. Үтікпен үтіктемеңіз. Химиялық тазалауға бермеңіз. Дақтарды еріткіштермен кетірмеңіз және кептіргіш мәшине қолданбаңыз.